Анықтама

Тақырыбы: «Жасанды интеллект заманындағы мектеп кітапханасы»

Түрі: дебат

Күні: 22 қараша

Қатысқандар: 9-10-11 сыныптар

Мақсаты: Оқушылардың жасанды интеллект технологияларының білім беру жүйесіндегі, соның ішінде мектеп кітапханасының жұмысындағы рөлі туралы түсініктерін кеңейту, ақпараттық сауаттылығын арттыру, сыни ойлау қабілеттерін дамыту, өз пікірлерін еркін жеткізуге және дәлелді түрде қорғауға үйрету. Сонымен қатар оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, көркем әдебиеттің рухани құндылығын насихаттау.

Мектеп кітапханасында 9–11-сынып оқушылары арасында «Жасанды интеллект заманындағы мектеп кітапханасы» тақырыбында дебат ұйымдастырылып өткізілді.

Іс-шара барысында оқушылар жасанды интеллекттің қазіргі қоғамдағы маңызы, оның білім беру саласына ықпалы, мектеп кітапханаларының болашағы және көркем әдебиетті оқуға тигізетін әсері туралы өз ойларын ортаға салды. Пікірсайысқа «Парасат», «X–10», «3D», «Дебат–PRO» топтары қатысып, өздерінің білімдерін және сыни ойлау дағдыларын көрсетті.

Дебат барысында төмендегі қарарлар талқыланды:
1-қарар: «Жасанды интеллект болашақта мектеп кітапханашылары мен мұғалімдерін толықтай алмастыра алады».
Бұл қарар бойынша оқушылар жасанды интеллекттің білім беру үдерісіндегі мүмкіндіктері мен шектеулерін жан-жақты талқылады. Бір тарап жасанды интеллекттің ақпаратты жылдам өңдеу, білім алушыларға қажетті мәліметтерді ұсыну және оқу үдерісін жеңілдету мүмкіндіктерін алға тартса, қарсы тарап мұғалім мен кітапханашының адамгершілік тәрбие берудегі, оқушыға бағыт-бағдар көрсетудегі және тұлғалық қарым-қатынас орнатудағы рөлін ерекше атап өтті.

2-қарар: «Нейрожелілер көркем әдебиет оқуға деген қызығушылықты арттырмаса, кемітпейді».
Аталған қарар аясында оқушылар нейрожелілердің кітап оқу мәдениетіне әсерін талқылады. Пікірсайыс барысында жасанды интеллект арқылы әдеби шығармалардың мазмұнымен танысу, кітаптарға ұсыныстар алу, кейіпкерлерді талдау және оқырман қызығушылығын арттыру мүмкіндіктері сөз болды.
Қатысушы топтар өз ұстанымдарын нақты дәлелдермен қорғап, қарсы тараптың пікірлеріне сұрақтар қойып, тұжырымдарын дәйектеуге тырысты. Дебат тартысты әрі қызықты өтті. Оқушылар өздерінің ізденімпаздығын, тапқырлығын, сөйлеу мәдениетін және топпен жұмыс жасау қабілеттерін көрсетті. Пікірсайыс нәтижесінде қатысушы топтардың тақырыпты ашуы, дәлелдерінің нақтылығы, сөйлеу мәдениеті, қарсы пікірге жауап беруі және ойларын жүйелі жеткізуі ескеріліп, жүлделі орындар анықталды.

I орын – «X–10» тобы
II орын – «Парасат» тобы
III орын – «3D» тобы
«Дебат–PRO» тобы да пікірсайысқа белсенді қатысып, өз ұстанымын қорғауда жақсы дайындық көрсетті. Жеңімпаз топтар дипломдармен, ал қатысушылар ынталандыру сыйлықтарымен марапатталды.

Қорытынды: «Жасанды интеллект заманындағы мектеп кітапханасы» тақырыбында ұйымдастырылған дебат өз мақсатына жетті. Іс-шара оқушылардың жасанды интеллект технологияларына қатысты көзқарастарын кеңейтіп, олардың ақпаратты саралау, салыстыру, талдау және өз пікірін дәлелдеу дағдыларын дамытуға ықпал етті. Нәтижесінде оқушылардың қоғамдық мәселелерге қызығушылығы артып, пікір алмасу мәдениеті, шығармашылық ізденісі және сыни ойлау қабілеттері дамыды.






https://www.instagram.com/reel/DezNrXhsnFi/?psln=MWF6YWlzOWxlNGtndg==